

А. Қ. Биисова, Ф. Б. Жалетденова

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ**

Зерде бұзылыстары бар балаларға  
арналған арнайы мектептердің  
(сыныптардың) 9-сыныбына арналған  
әдістемелік құрал

Алматы  
2021

**ӨОЖ 376**  
**КБЖ 74.3**  
**Б52**

**Биисова А. Қ. т.б.**  
**Б52 Қазақ тілі.** Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 9-сыныбына арналған әдістемелік құрал / А. Қ. Биисова, Ф. Б. Жалетденова. – Алматы: «ӨБЕО орталығы» ЖШС, 2021. – 48 б.

ISBN 978-601-347-215-7

ӨОЖ 376  
КБЖ 74.3

ISBN 978-601-347-215-7

© «ӨБЕО орталығы» ЖШС, 2021

## КІРІСПЕ

Бұл оқу-әдістемелік кешен жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-10 сыныптар үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес зерде бұзылыстары бар балаларға арналған және олардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ тілін оқыту үшін әзірленген. Кешен оқулық және әдістемелік құралдан тұрады.

Оқу-әдістемелік кешенді оқытуды ұйымдастыру кезінде ақыл-ойы кем оқушылардың кез келген жағдайларда: арнайы мектепте, жалпы білім беретін мектептің арнайы сыныбында, инклюзивті білім беру сыныптарында пайдалануға болады. Қазақ тілі зерде бұзылыстары бар балаларға арналған мектепте барынша қарапайым тұрғыда жүргізіледі. Бұл мектепте қазақ тілін оқытудың **негізгі мақсаты** – оқушыларды оқуға, жазуға және тіл арқылы қарым-қатынас жасау қызметінің түрлерін (тыңдау, оқу, сөйлеу, жазу) меңгеруге үйрету, ойлау қабілетін дамыту, өз ойын еркін жеткізе алуға тәрбиелеу.

**Бұл мақсатты орындау үшін мынадай міндеттер қойылады:**

– оқушылардың ұғымына сай мәтіндерді дұрыс оқып, мағынасын түсінуге үйрету;

– ауызекі және жазба тілде қарым-қатынас жасауға қажетті сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, өз ойын жүйелі түрде дұрыс жеткізе білуге үйрету;

– айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдыларын дамыту;

– оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес орфографиялық және пунктуациялық ережелерді практикалық түрде меңгеру;

– оқушылардың сауатты, көркем жазу дағдыларын жетілдіру.

Шәкірттер бойында адамгершілік, әсемдік қасиетін қалыптастыру. Ойлау мен сөйлеу кемістігін түзету – ақыл-ой

кемістігі бар балаларды ана тіліне оқытудағы ерекше мақсат болып табылады. Сонымен қатар арнайы мектепте оқытылатын тіл сабағы аса маңызды дидактикалық міндеттерді де шешуі тиіс.

Арнайы мектептің қазақ тілі пәніне арналған оқыту бағдарламасында грамматика, емле және тіл дамыту білімі алдына мынадай мақсаттар қойылды:

- Дыбыстар мен әріптер, әріп пен дыбыстың өзара қатысын айқындап, оларды ажырата білу. Құрамында екі дауыссыз дыбыс қатар келген сөздерді атау, оқу, жазу және дыбыстық талдау жасау.

- Сөз құрамын ажыратып талдай білу.

- Сөз таптарының түрлерін меңгеру, түрлерін ажырату.

- Сөйлемнің түрлерін айыра білу, сөйлем мүшелеріне талдау жасау. Сөйлемнің сөзден құралатынын, сөйлем құрамындағы сөздердің жеке айтылатынын және бір-бірінен бөлек жазылатынын түсіндіру.

- Орфографиялық және пунктуациялық ережелерді практикалық түрде меңгерту.

- Жазу сауаттылығын жетілдіру, әртүрлі жазба жұмыстарын дамыту, сөйлеу мәдениетін меңгерту.

Оқушылар бастауыш сыныптардан-ақ сөйлеу мәдениетін игере бастайды. Сөздерді дұрыс айтып, жаза білу – тіл мәдениетінің басты талаптарының бірі. Себебі, сөздердің айтылуы мен жазылуы бірдей бола бермейді. Оқушыларды өз ойын толық баяндай білуге үйрету, байланыстырып сөйлеу дағдысын қалыптастыру – қазақ тілі сабақтарының өн бойында ұдайы жүргізілетін құбылыс.

Диктант, мазмұндама, жазба жұмыстары да оқушылардың дұрыс сөйлеу, ойын жүйелі баяндап айтып, жаза білу қабілетін жетілдіре түседі.

Қазақ тілін жоғары сыныптарда оқытудың негізгі мақсаты:

- Мүмкіндігі шектеулі балалардың тіл дамуындағы өзіне тән ерекшеліктерін белгілі бір жүйеге келтіру.

- Алдыңғы сыныптарда өткен білімдері мен дағдыларын пысықтап, жинақтап, жаңа білім дағдыларымен толықтыру.

- Оқушылардың қоршаған орта, дүниетаным туралы түсініктерін қалыптастыру.

- Оқушыларға патриоттық, экологиялық тәрбие беру.

- Тіл дамытуға арналған материалдарды дидактикалық материалдармен байланыстыру, сол арқылы оқушылардың сөздік қоры мен сөйлеу дағдыларын арттыру.

- Оқушылар бойында адамгершілік, ізеттілік, инабаттылық қасиеттерді дамыту.

Қазақ тілі – мектептің ұлттық сипатын айқындап, оқушылардың бойында ұлттық сапалықты дарытатын, туған халқының тілі мен дінін, дәстүрі мен салтын құрметтей білуге үйрететін пән. Осы қадір-қасиетті оқушы бойына барынша толық жеткізу әрбір мұғалімнің білімдарлығына байланысты. «Қазақ тілі» пәні бойынша 9-сыныптағы оқу жүктемесінің көлемі – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат. Типтік бағдарлама талаптарына сәйкес «Қазақ тілі» пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1-бөлім. «Тыңдалым және айтылым»;

2-бөлім. «Оқылым»;

3-бөлім. «Жазылым»;

4-бөлім. «Тілдік нормаларды қолдану».

### **Ортақ тақырыптары:**

1. Ғылыми жаңалықтар және технологиялар

2. Қазақстандағы көрікті жерлер

3. Тарихи тұлғалар

4. Құндылықтар: сүйіспеншілік пен достық

5. Ғарыш әлемі

6. Кәсіп пен еңбек

7. Ойын-сауық және спорт

8. Мәдени құндылықтар

Әрбір жаңа тақырыпқа арналған жаттығулар оқушылардың деңгейі бойынша жасалынды. Олар өзара сабақтасып

жатқандықтан, тапсырмалар мен жаттығулар, морфологиялық, лексика-грамматикалық, емлелік талдаулардан ережелер шығару, тіл дамыту жұмыстарымен, сөзбен, мәтінмен жүргізілетін жұмыстарды жеке-жеке, ал кейде араластыра орындауға болады. Қай тақырып болса да, алдымен оның ережесі беріліп, одан кейін барып мысалдар келтіріледі.

Зерде бұзылыстары бар балаларға оқытудың бастапқы кезеңінде көрнекі құралдар өте маңызды. Оқытушының жетекшілігімен оқушылардың практикалық қызметінде арнайы пәндер мен арнайы дидактикалық материалдар пайдаланылады.

Мұғалім оқушылардың жазбаша түрдегі жұмыстары және ережелерін қадағалайтын арнайы жұмыс атқаруы қажет.

Әдістемелік нұсқау – қазақ тілі бойынша білім беру үдерісіне ұсынымдар беру, сондай-ақ мұғалімнің әрбір оқушыға ойластырылған жеке әдіс-тәсілдері жетістіктерінің жүзеге асырылуын ұйымдастыру үшін қажетті құрал.

## ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУЛЫҚТЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Оқулықта жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылар үшін үлгілік қазақ тілі оқу жоспары мазмұнына сәйкес келетін оқу материалдары бар.

Оқулықтағы оқу материалдары зерде бұзылыстары бар балаларға арналған қазақ тілін оқытудың арнайы әдістемесіне сәйкес оқушыларға таныстыру бағытында орналасқан.

Оқу құралы мұғалімге оқулық тапсырмаларын дәйектілікке және білім беру бағдарларына бағыттайтын кестемен аяқталады. Әр тақырып бойынша оқушының қызметін сипаттау арқылы тұжырымдалған күтілетін нәтижелер қалыптастырылады. Оқу үдерісінде бағдарлама бойынша өтілетін әртүрлі тақырыптар қарастырылады.

Оқушылардың енжар сөздік қоры жаңа сөздермен және терминдермен толықтырылады.

Содан кейін оқушыларды белсенді сөйлеуде жаңа түсініктерді қолдануға шақыру қажет.

Жасыл дөңгелек күрделіліктің бірінші (төмен) деңгейін білдіреді. Бұл тапсырмаларда оқушы нысанның суретін немесе мұғалім сипаттап көрсеткен жағдаяттық бейнені оқып, көрсетуі керек. Сары дөңгелек оқыту міндетінің күрделілігінің екінші (орташа) деңгейін көрсетеді, ол қазақ тілін түсінуді және терминологиясын өз сөзінде қолдануды, оны мұғалімге қайталап айтуды қамтиды. Қызыл дөңгелек күрделіліктің үшінші (жоғарғы) деңгейін көрсетеді. Ол суреттерде көрсетілген бейнелерге өз бетімен сипаттама беріп, тапсырмаларды ережеге сай талдап, түсіндіріп бере алатындай дәрежені іске асыруды көздейді. Оқушылардың тапсырмасының күрделілігі әртүрлі қызметтегі жетістіктері үшін бақылау негізінде таңдалады. Әр оқушыға қарапайымнан күрделіге дейінгі тапсырмаларды біртіндеп және дәйекті түрде күрделендіріп арттыру керек. Барлық оқушылар күрделіліктің барлық дең-

гейлеріне қол жеткізе алмайтынын ұмытпау керек. Оқушы өзінің мүмкіндіктеріне сәйкес, мысалы, күрделілігі бірінші деңгейдегі оқу материалымен ғана жұмыс істеуге құқылы. Оқулықта белгіленген бағдарлау дағдыларын қалыптастыру, оны мұқият пайдалану, оқулық материалын түсіну және түсіндіру үшін сабақта арнайы уақыт бөлінеді.

Оқулықтағы тапсырмалар әртүрлі деңгейде берілген. Оны мұғалім оқушы деңгейіне қарай таңдай алады.

Оқушыларға жазу жұмыстарын тек жұмыс парағында немесе жазу дәптерінде ғана орындау керек екендігін түсіндіру қажет. Оқулық беттерінде қарындаш пен қалам қолдануға болмайды. Оқулықтағы жаттығулар оқушыдан белсенді зерттеуді талап етеді. Мысалы, сырттай қарау, хат жазысу, ережені толықтыру, суреттерге қарап мәтін құрастыру, сөздерді толықтыру т.б. сияқты тапсырмаларды орындау талап етіледі. Оқушының назарын аудару үшін жағдай жасалады, талдау-жинақтау, салыстыру, сәйкестендіру, көрнекі құралдарды үйлестіру, өзін-өзі бақылау сияқты жағдайлар жасалады.

Әдістемелік нұсқауда әрбір оқушының оқу жетістіктерін анықтауға арналған жетістіктер картасы бар. Оқушының барлық жұмыстары әр тараудың соңында жетістіктерін талдау үшін оқушылардың оқу жетістігі картасына толтырылады. Оқушылар барлық жаттығуларын орындауға міндетті емес. Сондай-ақ әрбір тақырып бойынша оқушылардың барлық іс-әрекеттерін мұқият бақылап, талдай отырып, оқушылардың табыстылығына баға беріледі.

Бұл материалдар сыныпта әрбір оқушыға жеке көмек көрсетуге, сондай-ақ оқу жылының соңында объективті педагогикалық сипаттама жасауға көмектеседі.



## **ЗЕРДЕ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР ОҚУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Зерде бұзылыстары бар оқушыларға арналған арнайы мектептердегі балаларды оқыту мен тәрбиелеу профессор А. А. Воронкованың жүйесі бойынша 4 топқа бөлінеді:

1. I топтағы балалар көбіне бағдарламада берілген материалды толық меңгеріп, өз бетімен берілген тапсырманы орындай алады, тапсырмадағы кейбір өзгерістерді тез ұғып, жаңа сабақты тез меңгереді. Мұндай топтағы оқушылар алған білімдерін машықтық жұмыста өте тез көрсете алады. Сондықтан қазақ тілі сабағында I топтағы оқушылар, дыбыстық-әріптік талдауды жеңіл меңгеріп кетеді, сонымен қатар, оқу, жазу және дұрыс жаза білу дағдыларын тез үйреніп алады.

Мысалы, өзіне бөлек тапсырма белгіленген парақша беріп, оқушының қаншалықты дәрежеде ойлау қабілеті дамығандығы бақыланады. Оны дәптеріне көшіріп, оған талдаудың ізімен анализ жасай отырып, оқып жаза алады. Осындай талдаудың арқасында оқушы қатесін жояды, фонематикалық есту, көру қабілеттері дамиды, сөздік қоры артады.

2. II топтағы оқушылар – бағдарлама бойынша оқытуда көп қиындық келтірмейді. Бірақ I топтағы оқушылармен салыстырғанда көптеген қиындықтарға ұшырасады. Олар көбіне оқытушының көмегінсіз өтілген материалдың ең қарпайым түрін де қорытындылай алмайды, оны түсіну мүмкіншілігі дамуындағы кемістіктерді түзете отырып мынадай мақсат қойылады:

– балаларға қажетті терминдерді меңгерту, мағыналарындағы айырмашылықтарды ажыратып түсіндіру;

– балалардың айналадағы заттарды, құбылыстарды тікелей бақылау, сұраққа толық жауап беру, суретке қарап

әңгіме құру, әртүрлі машықтық жұмыстар жүргізу қажеттілігі ескеріледі.

Оқыту жүйесінде экскурсияның білімдік және тәрбиелік мәні өте зор және оқушының тақырыпты толығырақ ұғынуына көмектеседі. Оқу мен жазуға үйрету барысында оқушылар фонетикадан алған бірқатар мәліметтерін еске түсіру үшін әр сабақтың алдында қайталап отырады. Себебі, ақыл-ойы кем балалардың жетіспеушілігіне не жататынын аңғаруымыз қажет:

- сөздерді буынға бөле алмайды, бөлген жағдайда кемшіліктер жібереді;

- сөйлем құрауда мағыналарына жіті көңіл бөлмейді, орындарын ауыстырып жазады. Мұндай олқылықтарды болдырмау үшін жаңа сабақтың алдында сөзді буынға бөлдіріп, буын санын сұрай отырып, дыбыстардың дауысты, дауыссыз болатынын, қайсысы қай топқа жататынын графикамен сыздырып, ал буынға бөлуде қол шапалақтату арқылы буын санын тез табуға көңіл бөлінеді.

3. III топтағы оқушыларға бағдарламалық материалды меңгерту көп қиындықтар келтіреді, олар әр уақытта жаңа сабақты түсінуде заттық материалдар мен ауызша-логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға қажет көрнекіліктерді мол пайдаланғанды қажет етеді. Себебі, олардың логикалық ойлауы, есте сақтауы тек қана көру, есту дағдысына байланысты дамиды. Ең біріншіден, оқушыға айтылатын нәрсенің ең қарапайым түрімен таныстыру керек. Оқушыға осы қарапайым дағдыны меңгертудің өзі көп жұмысты қажет етеді.

Жалпы оқу үстінде жаңа материалды бірден түсіне алмайды, оларға қайта-қайта қосымша түсіндіруді қажет етеді. Өз бетімен жұмыс істеу қабілеті жоқ. Екінші топтағы балаларға қарағанда сабақты ұғыну үдерісі өте төмен. Мұндай оқушылардың білу дағдыларын қалыптастыру үшін үнемі ұйымдастырып, сұрақтар қою арқылы сүйемелдеп отыру керек. Ол үшін мынадай басты мақсатты іске асыру қажет:

- балалардың білімін, ептілігін, дағдыларын байқаумен тексеру (оқу, жазу сабақтарында);
- балаларды оқуға қызықтыру;
- балалардың жалпы және тілдік дамуындағы ерекшеліктерін айқындау;
- есту, көру дағдыларын дамыту;
- қолдың бұлшықеттерін шынықтыруға қатысты жұмыстар жүргізу;
- фонематикалық есту қабілеттерін дамыту т. б.

Бұл топтағы оқушылар қазақ тілін оқып үйренуде мынадай қателіктер жібереді:

- сөздер жазғанда көп қателіктер болады;
- әріп, буын тастап кетеді;
- әріптің үстіне әріп жазылады;
- әріптерді қосып жазбайды, жолдан шығып кетеді.

Осыны болдырмау әдісі:

- буынды, сөзді, сөйлемді жазғанда, кеспе әріптермен жұмыс болу керек;
- суреттер арқылы тілін дамытып, сөзді дәптерге жаздыру;
- талдаудың ізімен анализ жасап, оқытып жаздыру. Осылай талдаудың арқасында оқушылар қателіктерін жояды, фонематикалық есту, көру қабілеттері дамиды, сөздік қоры артады.

4. IV топтағы оқушылар көмекші мектепте қолданылатын оқу материалдарының өзін ең төменгі дәрежеде қабылдайды. Оларға жалпы оқу үдерісіндегі түсіндірулер жеткіліксіз. Оларға тапсырма беруде, жаңа сабақты меңгертуде көптеген тәжірибелер мен жаңа әдістемелік тәсілдерді қолдануды, оқытушы тарапынан нақты бақылауды қажет етеді. Ол үшін олармен жеке сауат ашу кезеңінде қойылатын талаптармен жұмыс жүргізіледі:

- әріптерді, оларды бір-бірімен тіркестіріп, буындарды, тәсілдерді дұрыс меңгерту;

– осы оқушыларды буындап оқуға жеткізу.

Бұл кезең дыбыстық талдау, жинақтау тәсілімен жүргізіледі. Оқушылар сөйлемді сөзге, сөзді буынға бөлуді үйренеді. Ал фонематикалық есту қабілеті мен тілдік кемістіктерін түзету үшін артикуляциялық жаттығулар жасалу қажет. Олар қимыл-әрекеттерін дамыту үшін сабақ барысында түрлі дидактикалық ойындарға мән берген жөн.

Білім беру жүйесіндегі қазіргі талап, сабақты ұйымдастырудың тиімді жолдарының бірі – оқытудың жаңа технологияларын орынды қолдану болып табылады. Жаңа технологияны меңгеру – мұғалімнің интеллектуалдық, көсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық т. б. қабілеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді.

## Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Қазақ тілі пәні: 9-сынып  
Аптасына 3-сағат, барлығы – 102 сағат

р/с	Ауыспалы тақырыптар	Сабақтың тақырыбы	Оқудың мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
1	<b>Ғылыми жаңалықтар мен технологиялар</b>	Дыбыс және әріп. Дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстар. Қатаң дауыссыз дыбыстар. Ұяң дауыссыз дыбыстар. Үнді дауыссыз дыбыстар. Дыбыс үндестігі туралы. Дыбыстық талдау. Нәтиже сабақ. Бақылау диктанты	I тоқсан  <b>1. Тыңдалым</b> Тыңдалған мәтіннен негізгі ойды тауып және нақты ақпаратты анықтауға үйрету. Тақырыпты бейнежазба арқылы болжай білуге дағдыландыру. <b>2. Айтылым</b> Сұрақтарға өздігінен толық жауап беруге машықтандыру. Мәтін мазмұнын өз сөзімен айтып беруге дағдыландыру. <b>3. Оқылым</b> Мәтінді түсініп оқуға жағдай тудыру. Мұғалімнің сұрауы бойынша мәтіннің кез келген жерін тауып оқуға үйрету. <b>4. Жазылым</b> Ұқыпты, таза, көркем жазуға дағдыландыру. Берілген тақырып бойынша сөйлем құрап жазуға үйрету.	11 сағ		

			<p><b>5. Тілдік бағдар беру</b>          Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін нақтылау. Оқушылардың қазақ тілінің заңдылықтарын сақтап, сауатты жазып, алған білімдерін қолдана білуін қадағалау.</p>		
2	<p><b>Қазақстандағы көрікті жерлер</b></p>	<p>Буын, буын үндестігі туралы, қысқарған сөздер. Қысқарған сөздердің түрлері. Қысқарған сөздердің емлесі. Нәтиже сабақ. Бақылау диктанты</p>	<p><b>1. Тындалым</b>          Тындалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіндіру және нақты ақпаратты анықтауға үйрету. Тақырыпты тірек сөздер арқылы болжай білуге дағдыландыру.</p> <p><b>2. Айтылым</b>          Сұрақтарға өздігінен жауап беруге машықтандыру. Мәтін мазмұнынан негізгі және қосымша ақпаратты айтып беруге дағдыландыру.</p> <p><b>3. Оқылым</b>          Мәтінді түсініп оқуға дағдыландыру. Мұғалімнің сұрауы бойынша мәтіннің кез келген жерін тауып оқуға үйрету.</p> <p><b>4. Жазылым</b>          Көркем, таза, сауатты жазуға дағдыландыру. Берілген сөздерді буынға дұрыс бөлуге машықтандыру.</p> <p><b>5. Тілдік бағдар беру</b>          Буын, буын үндестігі, қысқарған сөздер туралы білімдерін нақтылау. Оқушылардың</p>	13 сағ	

				қазақ тілінің заңдылықтарын сақтап, сауатты жазып, алған білімдерін қолдана білуін қадағалау.		
				<b>II тоқсан</b>		
3	<b>Тарихи тұлғалар</b>	Сөз құрамы. Қосымшаның түрлерін ажырату. Қосымшаның емлесі. Жұрнақ және оның түрлері. Туынды сөздерді талдау. Түбірлес сөздер. Жалғау және оның түрлері. Нәтиже сабақ. Бақылау диктанты	<p><b>1. Тындалым</b> Тындалған мәтіннің негізгі ойын тауып және негізгі ақпаратты анықтауға үйрету. Тақырыпты тірек сөздер, бейнежазбалар арқылы болжай білуге дағдыландыру.</p> <p><b>2. Айтылым</b> Сұрақтарға дұрыс, нақты жауап беруге машықтандыру. Мәтін мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге дағдыландыру.</p> <p><b>3. Оқылым</b> Мәтінді түсініп оқуға машықтандыру. Мұғалімнің өтініші бойынша мәтіннен негізгі ойды тауып оқуға үйрету.</p> <p><b>4. Жазылым</b> Ұқыпты, таза, көркем жазуға дағдыландыру. Берілген тапсырманы дұрыс орындап жаза білуге үйрету.</p> <p><b>5. Тілдік бағдар беру</b> Сөз құрамы туралы білімдерін нақтылау. Оқушылардың қазақ тілінің заңдылықтары сақтап, түбір мен қосымшаны ажыратып, түбірлес сөздерді сөз ішінен таба білуге үйрету.</p>	13 сағ		

4	<p><b>Құндылықтар: сүйіспеншілік пен достық</b></p>	<p>Сөз таптары. Зат есімнің түрлері. Негізгі зат есімдер. Есімдерден зат есім тудыратын жұрнақтар. Етістіктерден зат есім тудыратын жұрнақтар. Зат есімнің жалғаулары. Нәтиже сабақ. Бақылау диктанты. Тоқсандық қайталау</p>	<p><b>1. Тыңдалым</b> Тыңдалған мәтіннің негізгі ойын түсіндіру және нақты ақпаратты анықтауға үйрету. Тақырыпты бейнежазба арқылы болжай білуге дағыландыру. <b>2. Айтылым</b> Сұрақтарға өз бетімен жауап беруге маңыштықтандыру. Мәтін мазмұнынан негізгі және қосымша ақпаратты айтып беруге дағыландыру. <b>3. Оқылым</b> Мәтінді түсініп оқуға дағыландыру. Мұғалімнің сұрауы бойынша мәтіннің кез келген жерін тауып оқуға үйрету. <b>4. Жазылым</b> Көркем, таза, сауатты жазуға дағыландыру. Берілген сөздерді буынға дұрыс бөлуге машықтандыру. <b>5. Тілдік бағдар беру</b> Сөз таптары, зат есім туралы білімдерін нақтылау. Оқушылардың қазақ тілінің заңдылықтарын сақтап, сауатты жазып, алған білімдерін қолдана білуді қабілеттендіру.</p>	11 сағ
			<p><b>III тоқсан</b></p>	
5	<p><b>Ғарыш өлемі</b></p>	<p>Сын есім. Сын есімнің түрлері</p>	<p><b>1. Тыңдалым</b> Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіндіру және негізгі, қосымша ақпаратты анықтауға</p>	16 сағ



		<p>Сын есімнің емлесі. Сын есімнің шырайлары. Сан есімнің түрлері. Есептік сан есім. Реттік сан есім. Жинақтық сан есім. Топтау сан есімі. Болжалдық сан есім. Бөлшектік сан есім. Есімдіктің түрлері. Нәтиже сабақ. Бақылау диктанты</p>	<p>үйрету. Тақырыпты тірек сөздер, бейне-жазбалар арқылы болжай білуге дағдыландыру. <b>2. Айтылым</b> Сұрақтарды дұрыс түсініп жауап беруге машықтандыру. Мәтін мазмұнын өздігінен айтып беруге дағдыландыру. <b>3. Оқылым</b> Мәтінді түсініп оқуға жағдай жасау. Мұғалімнің өтініші бойынша сұраққа жауап таба білуге үйрету. <b>4. Жазылым</b> Таза, көркем жазуға дағдыландыру. Берілген тақырып бойынша сөйлем құрап жазуға үйрету. <b>5. Тілдік бағдар беру</b> Сын есім, сан есім туралы білімдерін нақтылау. Оқушылардың қазақ тілінің заңдылықтарын сақтап, сөздерді сөз таптарына ажыратып, сөйлем ішінен сөздерді таба білуге үйрету.</p>	14 сағ	
6	<b>Кәсіп пен еңбек</b>	Етістік. Етістіктің шақтары. Үстеу туралы түсінік.	1. <b>Тыңдалым</b> Тыңдалған мәтіннің негізгі тақырыбын түсіндіру және нақты ақпаратты анықтауға үйрету. Тақырыпты тірек сөздер арқылы болжай білуге дағдыландыру.		

		<p>Үстеудің мағыналық топтары. Мезгіл үстеу. Мекен үстеу. Сын-қимыл үстеу. Күшейткіш үстеу. Себеп-салдар үстеу. Үстеуден өткенді қайталау. Нәтиже сабақ. Бақылау диктанты. Тоқсандық қайталау</p>	<p><b>2. Айтылым</b> Сұрақтарға ізденіп жауап беруге машықтандыру. Мәтін мазмұнынан негізгі және қосымша ақпаратты айтып беруге дағдыландыру. <b>3. Оқылым</b> Мәтінді түсініп оқуға үйрету. Мұғалімнің сұрауы бойынша мәтіннен қажетті ақпаратты тауып оқуға үйрету. <b>4. Жазылым</b> Сауатты, таза, ұқыпты жазуға дағдыландыру. Берілген сөздерді сөз таптарына ажырата білуге машықтандыру. <b>5. Тілдік бағдар беру</b> Сөз таптары, етістік, үстеу туралы білімдерін нақтылау. Оқушылардың қазақ тілінің заңдылықтарын сақтап, сауатты жазып, алған білімдерін қолдана білуін қадағалау.</p>	<p>10 сағ</p>	
<p>7</p>	<p><b>Ойын-сауық және спорт</b></p>	<p>Шылау Мен (бен, пен, және) шылаулары Да (де, та, те) ма (ме), ба (бе), па (пе)</p>	<p><b>IV тоқсан</b> <b>1. Тыңдалым</b> Тыңдалған мәтіннің негізгі тақырыбын тауып және нақты ақпаратты анықтауға үйрету. Тақырыпты бейнежазба арқылы болжай білуге дағдыландыру.</p>		

8	<b>Мәдени құндылықтар</b>	шылаулары. Үшін, туралы, дейін (шейін) шылаулары. Шылаулардың емлесі. Еліктеу сөздер, түрлері. Одағай сөздер, түрлері	<p><b>2. Айтылым</b> Сұрақтарға өз сөзімен жауап беруге ма- шықтандыру. Мәтін мазмұнынан негізгі және қосымша ақпаратты айтып беруге дағдыландыру.</p> <p><b>3. Оқылым</b> Мәтінді түсініп оқуға дағдыландыру. Мұ- ғалімнің ықпалымен мәтіннің кез келген жерін тауып оқуға үйрету.</p> <p><b>4. Жазылым</b> Көркем, таза, сауатты жазуға дағдылан- дыру. Берілген сөздерді сөз таптарына ажырата білуге машықтандыру.</p> <p><b>5. Тілдік бағдар беру</b> Шылау, еліктеу сөз, одағай туралы білім- дерін нақтылау. Оқушылардың қазақ тілінің заңдылықтарын сақтап, сауатты жазып, алған білімдерін қолдана білуін қадағалау.</p>	14 сағ		
		Сөйлем. Сөйлемнің тұрлау- лы мүшелері. Сөйлем. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері. Бірыңғай мүшелер. Қаратпа сөздер.	<p><b>1. Тыңдалым</b> Тыңдалған мәтіннің негізгі ойын және нақты ақпаратты анықтауға үйрету. Тақырып ар- қылы мәтінді болжай білуге дағдыландыру.</p> <p><b>2. Айтылым</b> Сұрақтарға өз бетімен жауап беруге ма- шықтандыру. Мәтін мазмұнынан негізгі және қосымша ақпаратты айтып беруге дағдыландыру.</p>			

	Қаратпа сөздердің тыныс белгілері Нәтиже сабақ. Бақылау диктанты. Жыл бойы өткенді қайталау	<b>3. Оқылым</b> Мәтінді түсініп оқуға дағдыландыру. Мұғалімнің сұрауы бойынша мәтіннің кез келген жерін тауып оқуға үйрету. <b>4. Жазылым</b> Көркем, таза, сауатты жазуға дағдыландыру. Берілген сөздерді буынға дұрыс бөлуге машықтандыру. <b>5. Тілдік бағдар беру</b> Сөйлем, сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері туралы білімдерін нақтылау. Оқушылардың қазақ тілінің заңдылықтарын сақтап, сауатты жазып, алған білімдерін қолдана білуін қабатталау.		

## Оқу мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер

Бағдарлама тараулары	Оқу мақсаттары (күтілетін нәтижелер )		
	Күрделіліктің төменгі деңгейі	Күрделіліктің орташа деңгейі	Күрделіліктің жоғары деңгейі
<b>Ғылыми жаңалықтар және технологиялар</b>	Дыбыс пен әріпті таниды. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды көмек арқылы ажыратады. Жуан, жіңішке дыбыстарды үлгі бойынша қайталап айта алады.	Дыбыс пен әріпті таниды. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады. Жуан, жіңішке дыбыстарды айта алады. Үлгі бойынша талдау жасайды.	Дыбыс пен әріпті ажыратады, дауысты, дауыссыз дыбыстарды біледі. Сөздерге дыбыстық талдау жасай алады.
<b>Қазақстандағы көрікті жерлер</b>	Мұғалімнің көмегі арқылы сөздерді буынға бөледі. Буын түрлерін кесте арқылы қайталап айтады. Буын үндестігіне сай жалғау жалғай алмайды.	Сөздерді буынға бөледі. Буын түрлерін кесте арқылы қайталап айтады. Буын үндестігіне сай жалғауды мұғалім көмегі арқылы жалғай алады.	Сөздерді буынға бөледі. Буын түрлеріне ажырата алады. Буын үндестігіне сай сөздерге жалғау жалғай алады.
<b>Тарихи тұлғалар</b>	Сөздің құрамын, шартты белгілерін біледі. Үлгі бойынша сөз құрамына ажыратады.	Сөздің құрамын, шартты белгілерін біледі. Сөздің түбірін көмек арқылы табады.	Сөздің құрамын өз бетімен талдайды. Сөздің түбірін анықтай алады.
<b>Құндылықтар: сүйіспеншілік пен достық</b>	Зат есімді көмек арқылы таба алады. Көптік жалғауын көмек арқылы жалғай алады.	Сөйлем ішінен сұрақ қою арқылы зат есімді таниды. Көптік жалғауын дұрыс жалғайды. Септік жалғауын дұрыс жалғайды.	Зат есімді таба біледі. Зат есімді тәуелдеп, септеп, жіктей алады. Зат есімді қатыстырып сөйлем құрай алады.

<b>Ғарыш әлемі</b>	Сын есім, сан есімнің анықтамасын біледі. Сын есім, сан есімнің түрлерін көмек арқылы айтады.	Сын есім, сан есімнің анықтамасын жатқа айта алады. Сын есім, сан есімнің түрлерін ажыратады. Көмек арқылы сөз таптарын ажыратады.	Сын есім, сан есімнің анықтамасын толық біледі. Сөйлем ішінен сұрақ қою арқылы таба алады. Сын есім, сан есімнің түрлерін тауып, түрлендіре алады. Сөз таптарына талдау жасай алады.
<b>Кәсіп пен еңбек</b>	Етістіктің ережесін қайталайды. Дара және күрделі етістіктерді үлгі бойынша ажыратады.	Етістіктің ережесін біледі. Дара және күрделі етістіктерді көмек арқылы ажыратады. Үстеу сөздерді көмек арқылы таба алады.	Етістіктің ережесін жатқа біледі. Мысал келтіреді. Дара және күрделі етістіктерді өз бетімен ажыратады. Сөйлем ішінен үстеуді таба алады.
<b>Ойын-сауық және спорт</b>	Шылау, еліктеу сөз, одағай сөздердің ережесін қайталайды. Үлгі арқылы көшіреді.	Шылау, еліктеу сөз, одағай сөздердің ережесін көмек арқылы айтады. Үлгі арқылы шылау, еліктеу сөз, одағай сөздерді ажыратады.	Шылау, еліктеу сөз, одағай сөздердің ережесін жатқа біледі. Кесте арқылы шылау, еліктеу сөз, одағай сөздерді ажыратады.
<b>Мәдени құндылықтар</b>	Сөйлемнің тұрпаулы мүшелерін біледі. Көмек арқылы сұрақ қойып, жауап береді.	Сөйлемнің тұрпаулы және тұрпаусыз мүшелерін біледі. Көмек арқылы сөйлем мүшелеріне талдау жасай алады.	Сөйлемнің тұрпаулы және тұрпаусыз мүшелерін ажыратады. Сөйлемді сөйлем мүшелеріне қарай талдау жасай алады.

## Оқушының оқу жетістік картасы

**Пәні: қазақ тілі**  
**Оқушының аты-жөні:**  
**I тоқсан**

№	Тарау	Күні	Білу	Түсіну	Қолдану
	<b>Ғылыми жаңалықтар және технологиялар</b> Дыбыс және әріп		Өріптерді таниды. Дыбыстарды айтады. Дауысты дыбыстың жуан және жіңішке айтылатынын біледі. Дауыссыз дыбыстарды біледі.	Жуан және жіңішке айтылатын сөздерді ажыратады. Үлгі арқылы сөздерге дыбыстық талдау жасай алады.	Жуан және жіңішке айтылатын сөздерді дұрыс қолданады. Жуан және жіңішке жалғауларды дұрыс қолданады.
II	<b>Қазақстанның көрікті жерлері</b> Буын үндестігі		Буын үндестігі туралы түсінігі бар. Буын түрлерін көмек арқылы біледі.	Сөздерді буынға бөледі. Сөздерге қосымшаны дұрыс жапғайды.	Сөздерді буынға, буын түрлеріне ажырата алады. Дұрыс тасымап жасай алады. Буын үндестігіне дұрыс қосымша жалғай алады.

## Оқушының оқу жетістік картасы

Пәні: қазақ тілі  
Оқушы:  
II тоқсан

№	Тарау	Күні	Білу	Түсіну	Қолдану
I	<b>Тарихи тұлғалар</b> Сөз құрамы		Сөз құрамы туралы түсінігі бар. Сөздің түбірін таба біледі. Сөз құрамының бөлшектерін біледі.	Сөз құрамын бөлшектерге ажыратады. Үлгіге қарап сөз құрамына тапдайды.	Сөздерді сөз құрамына талдай алады. Түбір және қосымшаға ажыратады.
II	<b>Құндылықтар: сүйіспеншілік пен достық</b> Сөз таптары. Зат есім		Зат есімнің анықтамасын біледі. Зат есімге кім? не? сұрақтарын қоя біледі. Сөйлем ішінен зат есімді таба біледі.	Сөз таптарын ажыратуда зат есімді таба алады. Зат есімді біледі.	Сөйлемнен зат есімді таба біледі. Сұрақ қоя алады. Негізгі және туынды зат есімді ажыратады. Зат есімнен жұрнақ арқылы туынды зат есім жасай алады.



## Оқушының оқу жетістік картасы

Пәні: қазақ тілі

Оқушы:

III тоқсан

№	Тарау	Күні	Білу	Түсіну	Қолдану
I	<b>Ғарыш әлемі</b> Сын есім. Сан есім		Сын есім, оның шырайларының анықтамасын біледі. Сан есім, оның түрлерін біледі.	Жай шырайдан жұрнақ арқылы салыстырмалы, күшейтпелі шырайлар жасай алады. Сан есімнің түрлерін ажыратады.	Жай шырай, салыстырмалы, күшейтпелі шырайларды ажырата алады. Сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата алады, жұрнақтар арқылы жасай алады.
II	<b>Кәсіп және еңбек</b> Етістік. Үстеу		Етістіктің шақтарының анықтамасын біледі. Етістіктің жеке және көпше жіктелуін біледі. Үстеу туралы түсінігі бар.	Ережені түсініп, етістіктің шақтарын көмек арқылы ажыратады. Көмек арқылы үстеудің мағыналық түрлерін таниды.	Өткен шақ, осы шақ, келер шақтарды ажырата алады. Осы шақтан өткен шақ, келер шақ жасай алады. Үстеудің мағыналық түрлерін ажырата алады.

## Оқушының оқу жетістік картасы

Пәні: қазақ тілі  
Оқушы:  
IV тоқсан

№	Тарау	Күні	Білу	Түсіну	Қолдану
I	Ойын-сауық және спорт Шылау. Еліктеу сөз. Одағай		Шылау, еліктеу сөз, одағай сөздердің ережесін біледі. Көмек арқылы мысал келтіреді.	Ережені түсініп, шылау, еліктеу сөз, одағай сөздерді таба алады.	Шылау, еліктеу сөз, одағай сөздердің, тыныс белгілерін біледі. Сөйлем ішінен тауып, ажырата алады.
II	Мәдени құндылықтар Сөйлем мүшелері. Қаратпа сөз		Сөйлем мүшелерін біледі. Сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерін атап береді. Қаратпа сөзді сөйлем ішінен таба біледі.	Сөйлемнен бастауыш пен баяндауышты сұрақ қою арқылы табады. Қаратпа сөзді тани алады.	Тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерге талдау жасай алады. Шартты белгілерін дұрыс қолданады. Қаратпа сөздің тыныс белгісін дұрыс қоя алады.

(арнайы білім беру ұйымының атауы)

## Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар

Үшін, туралы, дейін (шейін) шылаулары

(сабақтың тақырыбы)

Ауыспалы тақырып	Ойын-сауық және спорт	
Педагогтің аты-жөні		
Күні		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)	Үшін, туралы, дейін (шейін) шылауларының жазылуын түсіндіру. Шылаулар мен шылау тұлғалас қосымшалардың жазылуын жаттығуда қолдану.	
Сабақтың мақсаттары	Шылау туралы түсініктері бар. Үшін, туралы, дейін (шейін) шылауларын жаттығуда қолдана біледі.	
Бағалау критерийлері	Сөздерді байланыстыруда шылауларды қолдана алады.	
Құндылықтарды дарыту	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуге тәрбиелеу.	

Сабақ барысы			
Сабақтың кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушылардың әрекеті	Бағалау
<b>Сабақтың басы</b>	<p>Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырады. Топқа бөледі.</p> <p>– Адамның күлкісі – әлемдегі ең жағайып құбылыстардың бірі. Бір-біріне жымындар, күлкілерінді сыйлаңдар. Рақмет! Ендеше сабағымызды бастайық.</p> <p>«Пазлы әдісі» арқылы топқа бөлу. – Шылау сөзінде <b>ш</b> қандай дыбыс? – Шылау сөзінде <b>л</b> мен <b>у</b> қандай дыбыс? – Шылау сөзінде <b>ы</b> мен <b>а</b> қандай дыбыс?</p>	Қима суреттерде жасырылған суреттердің сұрағына жауап беріп, сол суретте бейнеленген дыбыс түрлері арқылы топқа бөлінеді.	Шаттық шебері.
<b>Сабақтың ортасы</b>	<p>Жаңа тақырыпты ашу.</p> <p>Бейнекөрсетілім көрсету.</p> <p>Қызығушылықты ояту.</p> <p><b>А) «Конверт» сұрақ-жауап әдісі.</b></p> <hr/> <p>1. Айжан түске ... кітапханада болды.</p> <p>2. Барлаушылар ... кино көрдім.</p> <p>3. Жақсы оқу ... тыңғылықты оқып дайындалу керек.</p>	<p>Оқушылар мынадай тапсырмаларды орындайды:</p> <p>көп нүктенің орнына тиісті шылауларды қойып, сөйлемдерді оқиды;</p> <p>шылаулардың тіркесіп тұрған сөздері қай сөз табы және олар қай септікте тұрғанын анықтайды (түске дейін, барлаушылар туралы, оқу үшін).</p> <p><b>Оқулықпен жұмыс. Постер қорғау үшін тапсырманы ауызша орындайды.</b></p>	Таныстырылым, оқулықпен жұмыс

	<p><b>Қорытынды шығару:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>Үшін, туралы</i> шылауы атау септік-тегі сөзге тіркесіп, екінші сөзге байланысып тұр және сөз тіркесін құрап тұр.</li> <li>• <i>Дейін, шейін</i> шылауы барыс септік-тегі сөзбен байланысып тұр.</li> <li>• Өздері тіркескен сөздерден бөлек жазылады.</li> </ul>	<p>Оқушылар сөйлемдерді оқып, әр сөйлемдегі шылауды тауып, не үшін қоланылып тұрғанын, байланысқан сөздің қай септікте тұрғанын дәлелдейді.</p>																																																									
	<p>Бағалау. Смайлик арқылы. Топпен жұмыс.</p> <p><b>1-топ. Семантикалық карта.</b></p> <table border="1" data-bbox="529 776 968 1198"> <tr> <td></td> <td>Сары, дәмді</td> <td>Біз, сен</td> <td>Алпыс, он</td> <td>Гүлдер, алма</td> <td>Және, үшін</td> <td>Күлді, барды</td> <td>Тез, жоғары</td> </tr> <tr> <td>Зат есім</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Етістік</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Сын есім</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Есімдік</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Үстеу</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Шылау</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>		Сары, дәмді	Біз, сен	Алпыс, он	Гүлдер, алма	Және, үшін	Күлді, барды	Тез, жоғары	Зат есім								Етістік								Сын есім								Есімдік								Үстеу								Шылау								<p><b>1-топ.</b> Сәйкестендірілген сөздерді айтады.</p> <p><b>2-топ.</b> Топтастыру стратегиясы бойынша сызбаны толтырады.</p> <p><b>3-топ.</b> Ребусты шешеді. Шешіндегі сөзге шылауларды қатыстырып әңгіме құрайды.</p> <p>’ ’ ’ ’ ’ ’ ’ ’ , Я ’ ’ ’ ’ ’ ’ ’ ’</p>	
	Сары, дәмді	Біз, сен	Алпыс, он	Гүлдер, алма	Және, үшін	Күлді, барды	Тез, жоғары																																																				
Зат есім																																																											
Етістік																																																											
Сын есім																																																											
Есімдік																																																											
Үстеу																																																											
Шылау																																																											

	<p><i>Үшін, туралы, дейін, шейін</i> шылаулары сөзге мезгілдік, мекендік, мақсаттық т.б үстеме мағына береді.</p> <p><i>Ма, ме, ба, бе, па, пе</i> шылаулары сөзге сұраулық мағына береді.</p> <p><i>Шылау</i></p> <p><i>Мен, бен, пен</i> шылаулары сөз бен сөзді байланыстырады.</p> <p><i>Да, де, та, те</i> шылаулары сөзге күшейту, анықтау мағынасын береді.</p> <p>Бағалау. Бас бармақпен.</p> <p>Бейнекөрсетілім</p>							
<b>Сергіту сәті</b>		Сергіту жаттығуларын «Қыдырып қайтайық» әуенінің сүйемелдеуімен орындайды.		Сергіту сәтіне арналған жинақ, оқулық, дәптерлер				
<p><b>Сабақтың соңы</b></p> <p><b>Қызықты тапсырма</b></p>	<p><b>Дәптермен жұмыс.</b> Қолға қалам алайық, Сауатты, әдемі жазайық.</p> <p><b>1-топ. Жатқа жазу.</b> «Отан үшін отқа түс, күймейсің».</p> <p><b>2-топ. Жұлпен жұмыс.</b> <i>Туралы, дейін, шейін</i> шылауларын қатыстырып сөйлем құрастырып жазу.</p> <p><b>3-топ. Кесте толтыру.</b></p> <table border="1" data-bbox="912 755 952 1226"> <tr> <td>Сын есім</td> <td>Үстеу</td> <td>Шылау</td> <td>Етістік</td> </tr> </table> <p>Бағдаршаммен бағалау.</p>	Сын есім	Үстеу	Шылау	Етістік	Оқушылар мақалды жатқа жазады, мағынасын түсіндіреді. Шылауды тауып, қай сөзбен тіркесіп тұрғанын, алдыңғы сөздің қай септікте тұрғанын анықтайды. Оқушылар сөйлемдерді оқи отырып, шылауларды тауып, қай сөзбен байланысып тұрғанын, ол сөздің қай септікте тұрғанын анықтайды.		АКТ-мен жұмыс
Сын есім	Үстеу	Шылау	Етістік					

	<p><b>Топ басшыларымен жұмыс.</b> Смайликпен бағалау.</p>	<p>Оқушылар кесте толтыра отырып, сөз таптарын салыстырады.</p>	
<p><b>Сабақтың соңы</b></p>	<p>Ой толғаныс <b>«Доп» ойыны.</b> 1. <i>Үшін, туралы</i> шылаулары қай септіктегі сөздермен тіркеседі? 2. <i>Дейін, (шейін)</i> шылаулары ше? 3. <i>Үшін</i> шылауын қатыстырып сөйлем құра. 4. Шылау сөйлем мүшесі бола? 5. <i>Мен, бен, пен</i> шылаулары не үшін қолданылады? 6. Шылаулар қалай жазылады? 7. <i>Өтірік айтпа. Ол сабаған оқып па?</i> Екі сөйлемді салыстыр.</p>	<p>Ойын ойнайды. Тапсырмаларды орындайды.</p>	<p>Доп</p>
<p><b>Үй тапсырмасы</b></p>	<p>Шылау сөздерді қатыстырып сөйлем құрау.</p>	<p>Үй тапсырмасын орындайды.</p>	<p>Күнделік</p>
<p><b>Бағалау</b></p>	<p>Белсенді қатысқан оқушыларды бағалау.</p>		<p>Стикер</p>

(арнайы білім беру ұйымының атауы)

## Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар

### Қысқарған сөздер

(сабақтың тақырыбы)

Ауыспалы тақырып	Қазақстандағы керікті жерлер
Педагогтің аты-жөні	
Күні	
Сынып:	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)	Қысқарған сөздер туралы түсіну. Қысқарған сөздерді ашып айта алу. Сөйлем ішінен қысқарған сөздерді таба білу.
Оқу мақсаттары:	Қысқарған сөздер туралы түсінігі бар. Қысқарған сөздерді ашып айта алады. Сөйлем ішінен қысқарған сөздерді таба біледі.
Бағалау критерийлері	Сөйлем ішінен қысқарған сөздерді тауып, ашып айта алады.
Құндылықтарды дарыту	Елге, жерге, Отанға деген құрметті тәрбиелеу.



<b>Сабақ барысы</b>			
<b>Сабақтың кезеңдері</b>	<b>Педагогтің әрекеті</b>	<b>Оқушылардың әрекеттері</b>	<b>Ба-ға-лау</b>
<b>Сабақтың басы</b>	Үй жұмысын тексеру. Күрделі сөздер: біріккен сөздер, қос сөздер, қысқарған сөздер. Жаңа сабақты хабарлау.	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Үй жұмысы бойынша тірек сөздерді қатыстырып, 5 сөйлем жазып келеді.</li> <li>2. Жеке жұмыс: қол көтеру арқылы бір сөйлемнен оқиды, тексереді.</li> <li>3. Топтық жұмыс: қос сөздер және олардың жасалу жолдарын мысал келтіре отырып дәлелдейді, қорытынды жасайды.</li> </ol>	ББ кес-тесі
<b>Сабақтың ортасы</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Топпен жұмыс: кесте арқылы қысқарған сөздер және олардың толық атаулары мен қысқару жолдарын талдау, қорытынды жасау.</li> <li>2. Оқулықпен жұмыс: Мәтінді оқып, қарамен жазылған сөздерді салыстыру.</li> <li>3. Ережені оқу, қорытынды жасау: бірнеше сөзден тұратын атаулар қысқартылып айтылады</li> </ol>	<p>Жаппай жұмыс: мәтінді оқып, қарамен жазылған сөздерді салыстырады, ережені оқиды, қорытынды жасайды.</p> <p>Топтық жұмыс: сөздерді оқу және ерқайсысының тұсына қысқарған түрін жазады.</p> <p>Жеке жұмыс: қол көтеру арқылы жауап береді.</p> <p>Жұптық жұмыс: сөйлемдерді оқу, қысқарған сөздердің</p>	Оқулық, А4 қағаз, дәптер

	<p>(басқы әріптерінен, басқы буын мен қалған сөздерінің бас әріптерінен, басқы буындарынан т.б.).</p> <p>2-жаттығу. Сөздерді оқу және әрқайсысының тұсына қысқарған түрін жазу: БҰҰ, АҚШ, ҰҒА, ТМД.</p> <p>3-жаттығу. Сөйлемдерді оқу, қысқарған сөздердің толық атауларын және қалай қысқартылып тұрғанын айту, қысқарған сөздерге қосымшаның жалғану тәсіліне назар аудару.</p>	<p>қысқару жолын айтады, қосымшаның жалғану тәсіліне назар аударады, қорытынды жасайды.</p> <p>Жаттығуларды орындайды.</p> <p>Қысқарған сөздердің толық атауын айтады: ҚР, АҚШ, ТМД, БҰҰ, РФ, ҚХР, Еуразия, ҚазҰПУ.</p>	
<p><b>Сабақтың соңы</b></p>	<p><b>«Адасқан әріптер» орнын тап.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Біріккен Ұлттар Ұйымы БҰҰ е.р.і.б.к.н.і.к.</li> <li>2. Ішкі істер министрлігі ИМ р.і.т.е.с.</li> <li>3. Америка Құрама Штаттары АҚШ а.р.ұ.м.қ.а</li> <li>4. Қазақстан Республикасы ҚР а.с.қ.т.н.а.а.з.қ.</li> </ol> <p><b>III. Ойтолғаныс.</b></p> <p>«РАФТ» әдісі.</p> <p>Р – рөл Президент</p>	<p><b>«Автор орындығы» әдісі,</b> жазған ойларын автор орындығында отырып оқиды.</p>	<p>Кеспеқағаздар, дөптер</p>

	А – аудитория Ф – форма Т – тақырып	оқушылар хат ҚР-ның білімді азаматтары		
<b>Үйге тапсырма</b>	Қысқарған сөздерді табу, сөйлем құрастыру.			

### №3-сабақ

*(арнайы білім беру ұйымының атауы)*

## **Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар**

### **Сөйлем. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері** *(сабақтың тақырыбы)*

<b>Ауыспалы тақырып</b>	Мәдени құндылықтар		
<b>Педагогтің аты-жөні</b>			
<b>Күні</b>			
<b>Сынып:</b>	<b>Қатысушылар саны:</b>	<b>Қатыспағандар саны:</b>	
<b>Сабақ негізделген оқу мақсаттары</b>	Сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін білу, ажырату.		

<b>Бағалау критерийі</b>	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.		
<b>Тілдік мақсаттар</b>	Сөйлем мүшелері, тұрлаулы мүшелер.		
<b>Құндылықтарға баулу</b>	Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, топтық, жұптық жұмыстар арқылы бір-бірін құрметтеу, ынтымақтастық, ашықтыққа тәрбиелеу.		
<b>Сабақ барысы</b>			
<b>Сабақтың кезеңдері</b>	<b>Педагогтің әрекеті</b>		
<b>Сабақтың басы</b>	<p><b>Психологиялық ахуал қалыптастыру:</b> Ұйымдастыру кезеңі, оқушыларды түгендеу, «Ақ тілек» әдісі. Спорттық ойын түрлері жазылған түрлі түсті қағаздар арқылы топтастыру.</p>	<p><b>Оқушылардың әрекеттері</b></p> <p>Оқушылар шеңберге тұрып, бір-біріне тілек айтады. Оқушылар топтарға бөлінеді.</p>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың ортасы</b> <b>10 минут</b>	<p><b>Білу және түсіну</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Неліктен спорттық ойын түрлеріне байланысты отырдыңдар деп ойлайсыңдар?</li> <li>-Спорттың адам өміріндегі маңыздылығы қандай?</li> </ul> <p><b>«Болжау» әдісі.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Сөйлемдегі сөздер саны қанша?</li> <li>– Қандай сөз таптарынан құралған?</li> <li>– Бұл сөйлемдер туралы не айтуға болады?</li> </ul>	<p><b>Топпен жұмыс:</b> Әр топ өздері таңдаған спорттық ойындарға байланысты бастауышпен баяндауыштан тұратын сөйлем құрайды.</p>	Спорттық ойындар

	<p>– Ендеше бүгінгі сабағымызда сөйлемнің тұрлаулы мүшелері туралы білетін боламыз.  <b>Сөйлем құрамындағы нақты сұраққа жауап беріп тұратын толық мағыналы сөздерді сөйлем мүшелері дейміз.</b>  <b>Бастауыш пен баяндауышты сөйлемнің тұрлаулы мүшелері дейді.</b></p> <table border="1" data-bbox="422 613 695 1187"> <tr> <td colspan="2" data-bbox="422 613 695 651">Тұрлаулы мүшелер</td> </tr> <tr> <td data-bbox="422 651 460 1187">Бастауыш</td> <td data-bbox="460 651 695 1187">Баяндауыш</td> </tr> <tr> <td data-bbox="460 651 529 1187">Сөйлемде айтылатын ойдың иесі болатын мүше. Кім? не? кімдер? нелер? кімі? несі? кімің? нең? кіміңіз? неңіз? нелерің? нелеріңіз? нелеріңіз? нелеріңіз?</td> <td data-bbox="529 651 695 1187">Сөлемді тиянақтап тұратын мүше. Қай сөз табынан болса, сол сөз табының сұрағына жауап береді.</td> </tr> </table> <p><b>Бастауыш та, баяндауыш та зат есімнен жасалса, онда бастауыштан кейін сызықша қойылады.</b></p>	Тұрлаулы мүшелер		Бастауыш	Баяндауыш	Сөйлемде айтылатын ойдың иесі болатын мүше. Кім? не? кімдер? нелер? кімі? несі? кімің? нең? кіміңіз? неңіз? нелерің? нелеріңіз? нелеріңіз? нелеріңіз?	Сөлемді тиянақтап тұратын мүше. Қай сөз табынан болса, сол сөз табының сұрағына жауап береді.	Сұрақтарға жауап береді. Тапсырмаларды орындайды.	Ереже
Тұрлаулы мүшелер									
Бастауыш	Баяндауыш								
Сөйлемде айтылатын ойдың иесі болатын мүше. Кім? не? кімдер? нелер? кімі? несі? кімің? нең? кіміңіз? неңіз? нелерің? нелеріңіз? нелеріңіз? нелеріңіз?	Сөлемді тиянақтап тұратын мүше. Қай сөз табынан болса, сол сөз табының сұрағына жауап береді.								
<p><b>Сабақтың ортасы</b></p>	<p><b>Қолдану</b>  <b>1-тапсырма.</b>  Денсаулық – зор байлық. Денсаулық – адам өмірінің бағалы заты.</p>		Тапсырмалар						

	<p>Халқымыз әрқашан да денсаулықты бірінші орынға қойып, бірінші байлық – денсаулық деп санаған. Дені сау, еңбекқор, ақылды азамат болып өсу үшін, дұрыс тамақтана білу қажет. Сондықтан адам күнделікті өзін-өзі күту, дұрыс тамақтану, тыныға отырып қажетті дене жаттығуларын жасап, дене тұлғасының дұрыс жетілуін қадағалауы қажет. Сонда ғана сұлу да сымбатты болып өресіндер.</p> <p>Түсіндіру.</p> <p>Топтық, жеке жұмыс жүргізеді.</p> <p><b>ҚБ «Кемпірқосақ» әдісі.</b></p> <p><b>2-тапсырма.</b></p> <p><b>Күн тәртібі</b></p> <p>Таңертең ерте тұр. Ертеңгілік жаттығу жаса. Бетінді жу. Тісінді тазала. Таңғы асынды іш. Киініп, мектебіңе бар. Түскі асынды іш. Үй тапсырмасын орында. Кешке серуенде. Кешкі асынды іш. Ұйықтар алдында тісінді тазала. Ұйқыға жат.</p> <p><b>Дескриптор:</b> – тұрлаулы мүшелерді ажыратады.</p> <p><b>Бағалау. «Отшашу» әдісі.</b></p>	<p>Берілген тапсырмаларды орындайды.</p> <p>Дәптермен жұмыс орындайды.</p> <p>Мәтінді көшіріп жазып, тұрлаулы мүшелердің астын сызады.</p> <p><b>1-топ.</b> Бастауыш пен баяндауыш арасындағы сызықшаның қойылу себепін анықтайды.</p> <p><b>2-топ.</b> Сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін табады.</p>	
<p><b>Сергіту сәті</b></p>	<p><b>«Ұйқасын тап».</b></p> <p>Үні ғажап</p> <p>Дүлдүл, Бақта сайрар... ( бұлбұл)</p> <p>Бәрі бірдей жұмысқа</p> <p>Шығатын кім?... (құмырсқа)</p>	<p>Сергіту жаттығуларын орындайды.</p>	<p>Ват-мандар, түрлі түсті маркерлер</p>

<b>Аяқталуы</b>	Венн диаграммасымен қорытындылау. БАСТАУЫШ Ортақ қасиеті БАЯНДАУЫШ	Тапсырмаларлы орындайды.	
<b>Үйге тапсырма: ... – жаттығу</b>			

#### №4-сабақ

*(арнайы білім беру ұйымының атауы)*

### **Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар**

#### **Сан есім**

*(сабақтың тақырыбы)*

<b>Ауыспалы тақырып</b>	Ғарыш әлемі		
<b>Педагогтің аты-жөні</b>			
<b>Күні</b>			
<b>Сынып:</b>	<b>Қатысушылар саны:</b>	<b>Қатыспағандар саны:</b>	
<b>Сабақ негізделген оқу мақсаттары</b>	Сан есім туралы түсінік. Есептік, реттік сан есімдерді ажырату.		
<b>Бағалау критерийі</b>	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тың-даушының назарын өзіне аудара алады.		

Тілдік мақсаттар	Сан есім. Есептік, реттік сан есімдер.		
Құндылықтарға баулу	Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, топтық, жұптық жұмыстар арқылы бір-бірін құрметтеу, ынтымақтастық, ашықтыққа тәрбиелеу.		
<b>Сабақ барысы</b>			
Сабақтың кезеңдері	<b>Педагогтің әрекеті</b>	<b>Оқушылардың әрекеттері</b>	<b>Бағалау</b>
Сабақтың басы	<p><b>Психологиялық ахуал қалыптастыру:</b>          Ұйымдастыру барысы. Оқушыларды түгендеу.  <b>СЖ.Үй тапсырмасы. «Баламалы тест».</b>  <b>«Иә» немесе «Жоқ» әдісі.</b>          1. Сын есім заттың сынын білдіреді.          2. «Жақсы» – дара сын есім.          3. Сын есімнің сұрақтары: кім? не?          4. Күрделі сын есім құрамындағы сөздер бөлек жазылады.          5. Тап-таза, өте жақсы, қара торы – дара сын есім.          6. Сын есімнің сұрақтары: қандай? қай?          7. Таудай, өнерлі, сезгіш – туынды сын есім.</p> <p><b>Қ. Б. Геометриялық фигуралар</b></p>	Шаттық шеңбері. Бір-біріне тілек айтады. Туған күн ретімен топқа бөлінеді.	«Баламалы тест»
Сабақтың ортасы	<p><b>Ой қозғау</b>          – Екі кезің не үшін керек?          – Жақсыларды көру үшін.          – Екі қолың не үшін керек?          – Елге көмек беру үшін.</p>	Сұрақтарға жауап береді.	



	<p>— Құлақ деген не үшін керек?  — Ақыл-кеңес тыңдау үшін...  — Ал, аяғың...  — Шетте жүрсем, туған жерге қайту үшін!  — Қарамен жазылған сөздер қандай сұраққа жауап береді?  — Ол сөздер нені білдіреді?  — Ендеше, бүгінгі өтетін сабағымыздың тақырыбы не екен?  — Сан есім.</p> <p><b>ТЖ. «Кластер» әдісі.</b>  Сан есім дегеніміз не?  Ереже құрастыру Қорытындылап ережемен таныстырады.  Заттың санын, ретін, қатарын білдіріп, <b>қанша? неше? нешінші? нешеу?</b> деген сұрақтарға жауап беретін сөз табын <b>сан есім</b> дейміз.  Біздің сыныпта тоғыз оқушы бар. Олардың біреуі үздік оқиды.  Заттың нақтылы санын білдіріп, <b>қанша? неше?</b> деген сұрақтарға жауап беретін сан есімдерді <b>есептік сан есім</b> деп атайды.  <b>Нешінші?</b> сұрағына жауап беретін сан есімдерді <b>реттік сан есім</b> деп атайды: екінші, алтыншы, жетінші.</p>	<p>Топтар постерге сан есім туралы ереже құрастырып, топтар танысады.</p>	<p>Ватмандар, түрлі түсті маркерлер</p>
--	---	---	---

	<p><b>Қ. Б. «Басбармақ».</b>  <b>Оқулықпен жұмыс. «Таза тақта» әдісі.</b>  Қазақ ел үш батырын болғалы көгіне аспан ұшырды. – Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, олар Айдын Айымбетов.  Бірінші, ғарышкері, елінің, қазақ, Тоқтар, Әубәкіров, білеміз, екенін.  Тапсырма. Мәтіннен сан есімдерді тауып, түрлеріне ажырат.  1955 жылдың 12 ақпанында КСРО-ның Жоғарғы Кеңесі ақылдаса келе, континентальді балистикалық зымыранды сынақтан өткізуге бел бұды.  «Байқоңыр» ғарыш айлағын Қазақстанда тұрғызу туралы шешім қабылдады.  1957 жылдан бері «Байқоңыр» әлемдегі тұңғыш және келемді айлақ болып келеді.  <b>ҚБ. «Басбармақ» әдісі.</b>  <b>Қ. Б. Смайликтер</b>  <b>ТЖ. «Құпия сөз» әдісі.</b> Мақалдарды санмен толтыр, мағынасын түсіндір. Сан есім түрлеріне ажырат.  <b>Қ. Б. «Мадақтау».</b></p>	<p><b>I топ.</b> Сөйлемдерді оқиды. Сан есімдерді тауып, сөзбен жазады.  <b>II топ.</b> Орны ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрайды.  Сан есімдерге сұрақ қоя біледі.  Сан есімдерді ажыратады.  <b>ЖЖ. Жеке жұмыс: «Сыбырлау» әдісі.</b>  Сурет бойынша сан есімдерді қатыстырып сөйлем құрайды.  Тапсырмаларды орындайды.  <b>I топ.</b> (Аптау) ала болса, ауыздағы кетеді, (төртеу) түгел болса, төбедегі келеді.  (Жүз) теңгең болғанша, (жүз) досың болсын.  <b>II топ.</b> Білекті (бірді) жығады, білімді (мыңды) жығады.</p>	<p>Оқулық</p> <p>Суреттер</p> <p>Мақал-мәтел</p>
--	--	--	--

		<p>(Он екі) мүшең сау болса, жарлымын деме, (Он) саусағың түгел болса, дәулет емей немене. – мақалдарды сан есімдермен толықтырады; – мағынасын түсіндіреді; – сан есім түрлеріне ажыратады.</p>	
<p><b>Сергіту сөті</b></p>	<p>«Кім жылдам?» Сан есімі бар тақпақтағы көп нүктенің орнына тиісті сан есімді қою.</p> <p>Кел, жемді же, ...қазан.  ... -ақ сәтте қойды жеп,  ... етті: «Тойдым», – деп.  Естіп ...кез дү...ді,  Жағадағы тү...ді  Паналауға жүгірді. (бір)  Баласына ж...ріп,  Ұрсып жатыр к...лік:  –...леніп, с...ріп,  Алып қапсың «...лік»,  Керсетпе!» – деп ж...ді.  К...рейіп баласы:  «Жоймасам ба «...мді!»  Деп б...нген с...лді. (екі)</p>	<p>Сергіту жаттығуларын орындайды.  Көп нүктенің орнына сан есімді қояды.</p>	
<p><b>Сабақтың соңы</b></p>	<p>«<b>Еркін микрофон</b>» әдісі арқылы сабақты қорытындылау.</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді</p>	<p>Микрофон</p>
<p><b>Үйге тапсырма:</b> 3-жаттығу.</p>			

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Исабаева Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. – Алматы, 1993.
2. Инклюзивті білім беру принциптерін жүзеге асырудың заманауи жолдары// Әдістемелік жинақ. – Орал, 2013.
3. Мадиева Т. Бастауыш топқа арналған жаттығулар жинағы. – Астана, 2013, Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру әдістемелік орталығы.
4. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және методикалық-педагогикалық коррекциялық қолдау туралы айрықша білімді талап етушілерді тәрбиелеу мен оқыту мәселелері. – Алматы, 2005.
5. Елисеева И. Г. Планирование процесса обучения школьников с нарушением интеллекта// Программно-методическое пособие для учителя. – Алматы, 2011.
6. Аксенова А. К. Методика обучения русскому языку в специальной (коррекционной) школе. – Москва: Владос. 1999.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
Оқу үдерісінде оқулықты қолданудың ерекшеліктері .....	7
Зерде бұзылыстары бар оқушыларды оқытудың әдістемелік ерекшеліктері .....	9
Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар.....	13
Оқу мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер.....	21
Оқушының оқу жетістік картасы.....	23
Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар .....	27
Пайдаланылған әдебиеттер .....	44

Оқу басылымы

**Биисова Аслима Кабекешовна  
Жалетденова Фарида Базарбаевна**

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ**

Зерде бұзылыстары бар балаларға  
арналған арнайы мектептердің  
(сыныптардың) 9-сыныбына арналған  
әдістемелік құрал

Редакторы Г. Ж. Есенжолова  
Компьютерде беттеген Э. А. Айтқұлова

Басуға 25.05.2021 қол қойылды.  
Есептік баспа табағы 3. Шартты баспа табағы 2,79.  
Пішімі 60x84 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Офсеттік қағаз

